

Айыртау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 8-12-23 шешімі.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасындағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Нормаларды есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына негізінде, "Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге халық үшін тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің № 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының
төрағасы

Г. Әбілқайырова

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
2024 жылғы 5 наурыздағы
№ 8-12-23 шешіміне
1 қосымша

Айыртау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Реттік сан	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,20

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқты объектілер	1 орын	1,23
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,05
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,76
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,67
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	-
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,18
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,30
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері және көңіл көтеру орындары	1 отыратын орын	1,12
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханала, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	-
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м2	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	-
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	0,35
15	Көшедегі сауда	Сауда орнының 1 м2	0,51
16	Базарлар,сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1м2	0,51
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-

18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	-
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырысындысы	Жалпы алаңы 1 м2	0,78
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,18
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	4,08
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	-
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараз, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	2,24
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
28	Шағын жөндеу және қызметтер	1 жұмыс орны	-
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	-
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар		-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
2024 жылғы "5" наурыздағы
№ 8-12-23 шешіміне
№ 2 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 12.08.2026 № 8-49-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Атауы	Жинау және тасымалдау	Сұрыптау	Көму	Барлығы
-------	-----------------------	----------	------	---------

	Құны (қосылған құн салығынсыз, теңге)			
Бір адамға	550	0	0	550

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК